

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

**«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Жұмабай Құлиев

# ҚАМЫСБАЙ МЫРЗАҒАЛИҰЛЫ



Алматы 2011

УДК 622.32

ББК 33.36

Қ 74

Қ 74

Құлиев Жұмабай

**Қамысбай Мырзағалиұлы** – Алматы, 2011. 184 б.

ISBN 978-601-80150-7-6

Бұл кітапта елімізге белгілі мұнайшы, ұзақ жылдар бойы «Маңғыстаугеология» тресінде, түрлі экспедицияларда басшылық қызметтер атқарған әмбебап маман, білікті ғалым, мемлекеттік деңгейдегі түрлі марапаттардың иегері Қамысбай Мырзағалиұлының өмір жолы, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Қазақстан мұнай өнеркәсібі саласындағы қадау-қадау оқиғаларға куә болған қайраткердің өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

УДК 622.32

ББК 33.36

ISBN 978-601-80150-7-6

© ОФ «Мұнайшы», 2011

---

## *Алғы сөз*

*Еңбекпен білім қостасқан,  
өмірінің өзі бір дастан.  
Қаржаубай*

*Мұнай тарихы мұнайшылар  
тағдырымен жазылған.  
Саламат*

Өткенімізге бажайлап қарасақ, қарт Ембінің, Мақат пен Доссордың, Маңғыстаудың жасампаз атын аспандата көтергендер, түбек тыңына алғаш түрен салғандар – геолог барлаушылар еді. Солардың бірі – Қазақстан мұнай саласының ардагері Қамысбай Мырзағалиев болатын.

Ол еңбек жолын Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей, Грозный, Каспий аймағында, Ембіде бастаған.

Геолог, геофизик, тау-кен инженері бола жүріп, 1957 жылдан киелі Маңғыстауда, Жетібай-Өзен-Теңге жерлерінде, Түпқараған-Төбежік, Бозашы-Қошақ-Қызан, Қарағия-Қызылқұм алаңдарында мұнай іздеу, геологиялық зерттеулерді жүргізген басшы маман.

Жетібай, Өзен, Теңге, Ақсу-Кендірлі жерлерінде халықты қоныстандырып, Маңғыстау мұнай байлығын алғаш ашушылардың бірі.

«Маңғыстаумұнай» бірлестігінде өндірістің сан саласына тікелей араласып, ісімен, жазба еңбектерімен көпшілік құрметіне бөленген азамат.

2005 жылы екінші рет басылған «Мұнай жөніндегі мағлұматтар» (174 бет) және «Ата қоныс, мұнайлы Маңғыстау» аталған тарихи

---

естеліктерінде (183 бет) мұнай өндірісінің дамуы, экономикасы, маңызды қырларымен, ашылмаған сырлары да мол қамтылып, қазақша мұнай жөніндегі бірінші оқулық болып, орта-жоғарғы оқу орындарына, өндірістік мұнайшы қауымына, геофизик, геолог, гидрогеолог, бұрғышы, ғылыми зерттеу-жоспарлау институттары қызметкерлеріне көмекші құрал болып таратылды.

Қ. Мырзағалиевтың әулие, қазақ би-батырларын, қазіргі замандастарының келбетін айшықтап жазған еңбектері де баршылық. Соның бірі Маңғыстаудың әйгілі батырларының бірі – атақты Құлбаракқа арналған, 2001 жылы Алматыда «Жолдас және К» баспасынан жарық көрген «Құлбарак батыр әулие, өмір жалғастығы» атты туындысы.

«Способы интенсификации притока нефтяных скважин» (207 бет), «Приемы строительства нефтяных и газовых скважин» (246 бет), «Технология проводки наклонных скважин» (112 бет) кітаптары «Жолдас және К», «Исламнұр» баспаларынан 1990-2008 жылдары жарыққа шықты, бұл дүниелер негізінен мұнайшылар қауымына, қалың оқырманға арналған еңбектер.

---

## I бөлім

# *Маңғыстау мұнайлы өлке, майлы құян немесе алғашқы барлау кезеңі*

### АЛҒАШҚЫ БАРЛАУ КЕЗЕҢІ

**Қ**азақстан мұнайы тарихында қарт Ембінің екінші тынысы – Маңғыстау түбегінің орны тіпті ерекше. Қамысбай Мырзағалиев Бірінші Маңғыстау геология іздестіру экспедиция бастығы міндетін атқара жүріп, Маңғыстау жер астын зерттеуге 1957 жылы кіріскен болатын.

«Еділдің бойы ең тоғай, ел қондырсам деп едім», – деп Махамбет ұранындай, Мырзағалиұлы Жетібай, Өзен, Теңге, Ақсу-Кендірлі жерлеріне ел қондырып, Маңғыстау кендерін ашуға батыл бет бұрды. Төбежікте, Қарасаз-Тасбаста мұнай белгі бермеген Маңғыстау түбегі алпысыншы жылдарға дейін тың жатқан жер болатын, Мырзағалиев осы тыңды алғаш ашушының бірі болды. Байлықты игеру оңайға түскен жоқ. Төбежікте сегіз жыл бойы геология іздестіру жұмысы аяқталып, терең ұңғылар қазылып, барлаушылар 1958 жылы Жетібайға көшірілді.

Құлбарак әулие, әйгілі Досан Тажиев батыр Ресей-Рукин солдаттармен шайқаста ерлік көрсеткен Кошақ жерінде 2АМ бұрғы станогімен

жүздеген ұңғылар бұрғыланып, жерасты геология картасы жасақталды.

Геология іздестіру ұңғылары қазылып, 600 метрден аздап кіреңкеуі мол жерасты альб-сеноман суы ашылды. Қошақта 1,5-2 жыл ішінде жұмыс аяқталып барлаушылар 1959 жылы Өзенге көшті.

Қызанға Қарасаз-Тасбастан көшірілген барлаушылар Ақшмырауда қамыстан жасалған үйлерде тұрып, екі жыл ішінде Қызан геологиялық іздестіру жұмысын аяқтады.

Қызан жерін барлау жұмыстарын Дүйсен Үсенов аяқтаған еді. Төбежікте, Қошақта, Қызанда 2-3 жыл жүргізілген барлау жұмыстары керекті мұнай көзін көрсете алмады.

Бұл жерлерде мұнай барлау жұмыстары Ленинградтағы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу, геология барлау институтының (ВНИГРИ) ұсынысымен жүргізілген болатын.

Ендігі жерде мұнай барлау жұмыстарын Мырзағалиев Оңтүстік Маңғыстауға бағыттады. Барлаушылар 4П-бұрғы станоктармен жабдықталып, Жетібайда 1958 жылы, Өзенде 1960 жылы геологиялық іздестіру, барлау жұмыстарын бастады. Терең бұрғылау БУ-125, 5Д, 3Д, 4ЛД бұрғы станоктарымен жүргізілді. Өзенге кейінгі келушілер, алдыңғы 1959 жылғы карталы барлаушылармен қосылып, олардың тобын көбейтті. Барлаушылар жанұяларымен жана салынған жертөлелерде 10 жылдай тұрып келген-ді.

Мол тәжірибелі, геологиялық іздестіру, барлау жұмыстарымен 1957-1963 жылдары аралығында Маңғыстаудың атағын шығарған Өзен, Жетібай геология құрылымының мерейі аспандады.

Осы тұста Асар, Қарамандыбас, Оңтүстік Жетібай, Тасболат, Қызыл-Құм, Оймаша, Донға аландары геологиялық түсіріммен қамтылды. Бәрінің мұнай-газ кендері ашылды. Мырзағалиев басқарған Маңғыстау геология іздестіру экспедициясы үшін бұл құнарлы жылдар еді. Бұл Маңғыстаудың Қазақстан ірі мұнайлы өлке болуына бастаған ілкі қадамы болатын.

\*\*\*

Геология министрлігі бұйрығымен «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің бас инженері болып Қ. Мырзағалиев тағайындалды. Үш жыл ішінде мұнай барлау жұмысы 2-2,5 еселендіріліп, жүздеген барлау ұңғылары қазылып, сынақтан өтіп, Өзен, Жетібайдың миллиондаған мұнай қоры Мәскеу, Одақтық пайдалы кен қор комитетінде 1964 жы-



лы тіркелді. 1963-1965 жылдары бұрғы, сынақ процестері, жөндеу-түзету жұмыстарында Мырзағалиевтың үлесі мол болған-ды. Теңгеде Оңтүстік Маңғыстау мұнай барлау экспедициясы құрылып, оның басшылығына Қ. Мырзағалиев бекітіліп, 1966-1968 жылдары, үш жыл ішінде 48 миллиард текше метр газы, 10 миллион тонна мұнай қоры бар Теңге газоконденсат кен орнын игеріліп берілген-ді. Бұл жетістік СредАзНИИгаз институтында, Ташкентте қорғалған. Теңге газы Ақтау азот-түк тыңайтқыш зауытына берілді, магистралды құбырмен Ресейге айдалды, газ қысымы әдісімен Өзен ұңғылар өнімдері арттырылды. Теңге газ қоры негізінде Қазақстанда Жаңа Өзенде бірінші Қазақстан газ өңдеу зауыты салынды.

Оңтүстік-Маңғыстау мұнай барлау экспедициясы Теңгеден Ақсуға көшіріліп, Оңтүстік-Кендерлі, Ақсу, Темір-баба, Қауынды, Қорғанбай жерінде іздеу ұңғылары бұрғыланып, мұнай-газ мөлшері анықталды.

Қ. Мырзағалиев 1957 жылдан бастап, он бір жыл тынбай еңбектеніп, екі бірдей «Маңғыстау геология іздестіру», «Оңтүстік Маңғыстау мұнай барлау» экспедицияларын басқарып, тресте бас инженер болды. Енді «Маңғыстау мұнай газ барлау» тресінен «Маңғыстау мұнай» өндірістік бірлестігіне ауысты.

\*\*\*

Қ. Мырзағалиев «Маңғыстау мұнай» бірлестігінде, «Өзен геология барлау экспедиция» мекемесінде бас инженер, Өзен бұрғылау мекемесінде бас технолог, «Маңғыстау мұнай» бірлестігінде бөлім бастығы болып еңбек етті.

Бірлестікте сол күнде 25 мың адам қызмет атқарды, оның 5 мыңы инженер-техниктер еді. Бұрғышы бригадалар саны 73-ке жеткен-ді, жылына 800 өндірістік ұңғылар тұрғызылды, бұл мұнай-газ өнімдерін арттыруға мол мүмкіндік берді. Өзен, Жетібай, Қарамандыбас, Асар, Шығыс Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас, Терістік Қарақия, Алатөбе, Бұрмаша, Терістік Ракушечное, Теңге, Тасболат кен орындарынан өндірілген мұнай-газ көлемі жылына 17 миллион тоннаға, газ 3,1 миллиард текше метрге жеткен-ді. Геологиялық мұнай іздеу-барлау жұмыстары Өзен (пермотриас), Көкімбай, Шұқырой, Қауынды, Темірбаба, Батыс Теңге, Қызыл-Су, Тамды, Жанаорпа, Жарты, Үйлік, Махат, Ақпан, Каменист, Придорожный, Баканд, Саукұдық, Батыс Ақтас, Ащыағар алаңдарын қамтыды. Бірнеше кен орындары ашылды. Пермо-

триас, палезой мұнайы алынған-ды. Сансыз керекті заттар 15-Одақтық республикалардан алынатын, бұрғы, мұнай құбырлары Ресей, Украина, Грузиядан, бұрғы қашаулары, химреагенттер Ресей зауыттарынан, цемент Түркмения, Новоросейскіден, темірқанат Азербайджан, Волгоградтан, бұрғы станоктар Свердловск, Волгоградтан үздіксіз тасылды.

Қ. Мырзағалиев 1968-1987 жылдары, яғни 20 жыл ішінде осы жұмыстардың басы-қасында болды, КСРО мұнай өндірісі үздігі атағымен марапатталды.

### ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА

Қ. Мырзағалиев 1987 жылдан Қазақ ғылыми-зерттеу әрі жоспарлау мұнай институтының «КазНИПИнефть» ғылыми қызметкері. Он жыл ішінде, 1999-2009 жылдары мұнай барлау негіздері көптеген жаңалықтар, «Жолдас және К», «Исламнұр» баспаларынан басылып шыққан қазақ, орыс тілінде жазылған тарихи-ғылыми еңбектерінде басынша айшықталды, олар мыналар:

- мұнай жөніндегі мағлұматтар;
- способы интенсификации притока нефтяных скважин;
- приемы строительства нефтяных и газовых скважин;
- технология проводки наклонных скважин.

Мырзағалиевтың ғылыми еңбектері институт, колледждерде оқулық ретінде пайдаланылуда, әрі ғылыми диссертацияларға тақырып болып жүр.

Тарихи әлеумет-қоғамдық жазбалары жас ұрпақтарға патриоттық тәрбие беруге үлесін қосуда.

Ол елімізде бірінші қазақ тілінде мұнай жөнінде оқулық жазған адам.

«Мұнай жөніндегі мағлұматтар» атты кітабында мұнай шаруашылық негіздері, тарихи дамуы, жер жүзілік өндірістік-энергетика көлемі, ғұлама оқымыстылар еңбектері, көптеген қазақи техника терминдері енгізілген-ді, бұл кітаптар «Жолдас және К» баспасынан 1999 жылы, екінші басылымы «Исламнұр» баспасынан 2005 жылы жарық көрді.

«Құлбарақ батыр – әулие, өмір жалғастығы» очерк – кітапшасы тиражы 3000 дана болып «Жолдас және К» баспасынан 2002 жылы шықты. Құлбарақтың ерлігі, әулиелігі ел жұртшылығына жете таныстырылған.

Міне, Қамысбай Мырзағалиев ғылыми-техникалық, қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-танымдық салада біраз еңбектер туғызған қарымды қаламгер, ғалым, ана тіліміздің көсегесін көгертуші тәлімгер.

\*\*\*

Терістік Бозашыда 1974-1995 жылдары 21 жыл ішінде Қаракия мұнай барлау экспедиция мамандары Нұрманов Әділ, Әбішев Бисен, Балмұханов Ғизат, Қартбаев Жанбырбай, Солодов Владимир Дмитриевич, Нечаев Владимир Васильевич жүргізген барлау жұмыстары табысты болды, бірнеше мұнай-газ кендері ашылып, игерілді. Барлаушылардың еңбек ерліктері Қ. Мырзағалиевтың «Тар жол, тайғақ кешіп, Маңғыстау байлығын игергендер» атты кітабында жазылған, кітап «Исламнұр» баспасынан, таралымы 2000 болып 2007 жылы жарық көрді. Бозашыда ашылған мұнай-газ кен орындары төменгідей:

Қаражанбаста Санақ Таяновтың басшылығымен (крелиус К-12 ұңғы 303 метр тереңдігінен) 1974 жылы 27-ші қаңтарда Бозашыда алғашқы мұнай бұрқағы көкке атылды.

Қаламқаста Волочаев Алексей Иванович (ұңғы 465 метр тереңдік, неоком шөгіндісінен) 1974 жыл 25 сәуірде мұнай бұрқағы шапшыды.

Қаламқаста А.И. Волочаев (крелиус К-1 ұңғы 642 метр тереңдіктен) 1976 жыл 30-қаңтарда бірінші газ бұрқағын ашты.

Осылай Бозашыда кен орындары ашылып, табыстар жалғаса берді.

Қаламқаста Кривцов Михаил Иванович (Г-3 ұңғы 847-860 м юра қабатынан) 1976 жылғы 24 ақпанда мұнай бұрқағын тапты.

Терістік-Бозашыдан С. Таянов (крелиус К-122 ұңғы 370-380 метрден) 1975 жылы 18 мамырда,

Жалғыз-Төбеде бұрғылау шебері Төреханов Еркенше (142-ші ұңғы 379-385 метрден) 1975 жылы 21 желтоқсанда,

Қолтықта Жапаров Бөріхан (Г-1 ұңғы, 3168-3178 метр юра төртінші қабатынан) 1978 жылғы 15 қыркүйекте,

Шығыс-Қаратұрында Кенжалиев Мәлік (Г-1 ұңғы 988-997 метр, юра үшінші қабатынан) 1978 жылғы 1 қазанда,

Арманнан бұрғылау шебері Матайбаев Рахымжан (25-ші ұңғы 1300-1308 метр, юра екінші қабатынан) 1979 жылғы 15 шілдеде,

Жанғұршыдан бұрғылау шебері Шотаев Мәлік (К-1 ұңғы 520-533 метр юра шөгіндісінен) 1981 жылы 21 маусымда,

Солтүстік-Қаражанбастан бұрғылау шебері М.И. Кривцов (13-ші ұңғы 676-686 метр, юра қабатынан) 1983 жылғы 29 қаңтарда,

Оңтүстік-Қаратұрыннан бұрғылау шебері Тлегенов Жетібай (24-ші ұңғы 1110-1120 метр, юра шөгіндісінен),

Елеместен шеберлер Салманов Сүйеген, Павлов Николай (1-ші ұңғы 3933-3943 метр, палезой шөгіндісінен) 1986 жылғы 26 қазанда,

Тасымнан шебер Мерекешов Есенгелді (1-ші ұңғы 3042-3049 метр, юра қабатынан) 1986 жылғы 28 қаңтарда,

Нысановтан шебер Сырымбетов Талап (52-ші ұңғы 2690-2700 метр, юра қабатынан) 1988 жылғы 28 қаңтарда,

Күлжанда шебер Қарайшықов Ерлан (64-ұңғы 2280-2305 метр, юра қабатынан) 1990 жылғы 25 маусымда,

Шығыс-Сазтөбеден бұрғылау шебері Нысанбаев Жұмағали (44-ші ұңғы 3386-3393 метр, палезой жоғары триас шөгіндісінен) 1990 жылғы 3 қазанда,

Оңтүстік-Шығыс Сазтөбеден шебер Қарайшықов Ерлан (44-ші ұңғы 3386-3393 метр, палезой жоғары триас шөгіндісінен) 1993 жылғы 5 шілдеде,

Бекболаттан шебер М.И. Кривцов (5-ші ұңғы 3362-3375 метр, палезой шөгіндісінен) 1993 жылғы 18 қыркүйекте,

Табынайдан шебер Токбаев Наурызбек (49-ші ұңғы 1676-1681 метр, юра қабатынан) 1995 жылғы 14 маусымда,

Солтүстік-Шығыс Сазтөбеден шебер Нысанов Жұмағали (2-ші ұңғы 3280-3304 метрден) 1995 жылғы 21 сәуірде мұнай бұрқағын алды. Терістік-Бозашы мұнайға бай екені дәлелденді, апт, неоком, юра, палеозой шөгінділердің құнарлығы анықталды. Ленинград зерттеушілері осы жерлерді шарлап жүріп ештеңе таппағаны түсініксіз, құнарсыз ауданға жатқызған-ды. Өзен құрылымын біле тұра, Өзен құнарлығын анықтауға ұсынбаған, ойларында бір бүкпе болып, батылдығы жетпеген-ді. Бұл қателікті көп жылдар өткеннен кейін Маңғыстау барлаушылары түзеткен-ді. Мырзағалиев басқарған экспедиция 1959 жылы бірінші болып, геология түсірімдерін бастап, Өзен құпиясын ашқан-ды.

Қарағия экспедиция барлаушылары еңбектерін саралағанның өзінде ашылған мұнай иірімдерін анықтай түсу керектігі, кен орындардың түгелдей ашылғаны көзге ұрып тұрады.

Бозашыда, Қаламқас, Қаражанбас, Арман, Терістік Бозашы, Тасым кен орындарында мұнай өндірісі құрылып өрістеді. Қаламқас,

Қаражанбас бұрғышыларының 1979-1988 жылдардағы ерен еңбектері Қамекеңнің «Ата қоныс мұнайлы Маңғыстау халық тағдыры» кітабында көрсетілген. Моржавин Иван Иванович, Иманбаев Нұрлыбек Сейтжанұлы тәрізді басшылар Жетібайда, Бозашыда басшылық етті. 25 жыл ішінде 5,37 миллион метр тау-кен жыныстары бұрғыланып, 4891 мұнай ұңғысын тұрғызып үлгерді. 821,7 миллион сом ақша жұмсалды. Жетібай кен орнында 1993 жылға дейін 54,5 миллион тонна мұнай, Бозашыда 1993 жылдың өзінде 5,4 миллион тонна мұнай өндірілді. Қамысбай Мырзағалиев осы кезде «Маңғыстаумұнай» бірлестігінде Бұрғылау бөлімінің бастығы болатын.

\*\*\*

Қамысбай Мырзағалиев дала қазағы болғанмен, мектептен бастап Кеңес өкіметінің саяси қазанында шындалған-ды және оның көсемдерін өнеге тұтты. 1947 жылы Мәскеуге оқуға барғанда, қаламен танысу барысында бірнеше шақырымдық кезекте тұрып, Ленин мавзолейіне барып табытта жатқан көсемді көріп ерекше тебіренген болатын.

Институт бітіргеннен кейін Мұнайлы өндірісінде техникалық қаруы тек логарифм линейкасы болып, Мәскеуден алған қазақ-орыс сөздіктерін арқалап жүріп, байырғы Ембінің басшы мамандары Әбілғазы Илиясов, Әшім Уалиев, Қосымбай Жұмакешовпен бірге қауырт жұмысқа кірісіп кетті.

«Қазнефтеразведка» бастығы Жолдасқали Досмұхамбетов Мұнайлыда білікті бұрғы шеберлері Бердіғали Досмұхамбетов, Ғалымов, Сарсен Балжігітов барлығын Мырзағалиевқа құлаққағыс етті. Қ. Мырзағалиев өндіріске келген бойда, өнер ұжымын ұйымдастырып, жұртшылықты қазақ әндерімен сусындатты.

Қамысбай Мырзағалиев комсомол қатарында қабылданып, 1953 жылы наурыз айында Комсомол орталық комитеті Бүкілодақтық жас мұнайшылар озаттар активін Мәскеуде шақырғанда, Мұнай өндірісі министрі М.А. Евсеенкоде болып, «Қазақстанмұнай» бірлестік бастығы Сафи Өтебаев өтінішімен, Құлсары тар табанды темір жолын Қаратонға жеткізу, Құлсарыда клуб тұрғызу, Мұнайлы өндірісіне су құбырын тарту шешілген-ді. М. Евсеенко КГБ бастығы Л.П. Берияда болғанын, Маңғыстауда мұнай барлау жұмыстарын ұйымдастыру тапсырмасы талқыланғанын айтқан-ды. Мырзағалиев мұнайды артық жазғаны үшін сотталып кеткен Байшонас өндіріс басшыларын босату-

ын Евсеенкоден сұраған-ды. Мұнай өндіріс министрлігі КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумына сұрау хат жазып Сібірде, Амурда ағаш кесуде, Ухта мұнай руднигінде 10-15 жылғы айдауда жүрген өндіріс директоры Бердіғожин Орынбай Адайұлы, бас инженер Махамбетов Байұзақ, цех бастығы Кемелов Аққуан, шебер Өтегенов Тағалбай босатылған еді. Көп кешікпей олар елге келіп Маңғыстау мұнай шаруашылығына араласқан-ды. Қ. Мырзағалиев осы тұста Бүкілодақтық комсомолдың Құрмет қағазымен марапатталған болатын.

### **МАҢҒЫСТАУҒА ҚАЙТА ОРАЛҒАН КӨШ НЕМЕСЕ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ҚАУЫМЫ**

Кен барлаушылар тесік қайыққа мініп келді дегенмен мақсаттары зор болатын. Жалғыз жарым зерттеушілер ғасыр бойы іздегенмен өлке байлығы табылмаған. Көп күш жинап, халықты да топтастырып іске кірісу керек болды. Мырзағалиев көші 1957 жылы Маңғыстауға бағытталды.

Ағасы Нұрғалидан жөн сұрағанда, «талай шарлаған жер, Ата қонысымыз, неге мұнай іздеп бармасқа, бір туыс апамыз Түгіл руы Жаңай Хасановтарға ұзатылған-ды, соларды тауып қой, барамын», – деген. Көш Құлсарыдан Бейнеуге, Бекет ата мешіттеріне соға жүріп, Құлбарак батыр ұрпақтарын іздей жүріп, мың шақырым шанды жолды басып өтті. Маната құлауынан құлдिलाғанда ертеде түйе көші дірілдеп азар түсетін деп алып, бір ешкіні құрбандыққа шалады. Бұл жолды таныстырған Маңғыстау барлау тресінің бірінші басшысы Бердіғожин Орынбай Адайұлы еді. Форт-Шевченкоде бірінші тоқтаған үйлері, Түрікпеннен жалдап алған Есмурзин Базарғали Өмірзақұлының үйі еді. Есмурзин Базарғали бізден бір жыл бұрын келген геофизика экспедициясының бастығы еді, шофері Сисенов Қуантыр. Өзі Сталинград майданында болған, жараланған офицер болатын. Әкесі Өмірзақ Есмұрзақұлы Гурьев мұнай техникумында оқу меңгерушісі еді, 35-жылдары репрессияға ұшырап мерт болған-ды, кейіннен ақталды. Түрікмен өкілдері, «жерімізді қайта бермейсіздер ме, қазір екі мыңнан аз түрікмендер қалды», – деп, Маңғыстау геология іздестіру экспедициясының бастығы Мырзағалиев Қамысбайға арызданған-ды. Сарабал басшы Қамекен: «Көп жылдар өтіп кетті ғой, ағайынбыз, байлықты бірге игерерміз», – деп, жылы шыраймен түрікмендерді шығарып салған еді.

Ағалары Нұрғали Мырзағалиұлын, Наурызалы Елешов Дәрібайұлын ертіп жүріп өлке тарихымен танысты, Украина ұлы kobзари Тарас Шевченко, революционер – Ералиев музейінде болған-ды. Үкіметке салмақ салмайық деп ағасына саумалы түйені сатып алып берген. Жұбайы Тәнімді, жеңгесі Әбішқызы Балболғанды Мәскеуге, оқыған жерімізді көр деп, демалысқа жіберді. Өзі экспедицияны қосалқы бөлшектерімен жабдықтау үшін Кавказға жүріп кетті. Керекті заттарды өз ақшасына сатып алатын.

Өзендегі экспедицияға қарасты К-18 ұңғысынан 1960 жылдың соңғы күнінің бірінде ашық газ бұрқағы бұрқ етті. Бұл бұрқақ Маңғыстау мұнайын ашушысы деп есептелетін, Жетібайдың Г-6 ұңғысындағы ашық мұнай бұрқағынан алты ай бұрын болған еді.

*Бұл кезең Маңғыстау мұнайының бастамасы болғанын*, көптеген зерттеушілер, оның ішінде трест бас геологі Токарев Валентин Петрович, ол күнде шофер болған, қазір «Қаражанбасмұнай» ААҚ бас геологі Ахметов Бақтыбай да мойындайды. Алғашқы Маңғыстау фонтаны Өзенде болды. 1961 жылы тамыз айының бір күнінде Маңғыстауда бірінші газ алауы жағылды.

«Бірінші фонтанды» қаламгер Садуақас Байтауов суреттеп жазды. Оның әкесі де репрессияға ұшыраған. Құрамында зиянды, сасық иісті күкірт сутегі бар газ бұрқағын экспедиция бас инженері Берғалиев Мырзаш, трест бас инженері Хисметов Асабай бір ай бойы арпалысып жүріп басқан.

Апат болған уақыт 5 қаңтар 1961 жыл деп белгіленген, шынында бұрқақ 1960 жылдың соңғы күндерінде болған-ды. Мырзағалиев шешесі Айтолысқа уақыт болып бара алмаған-ды. Бұрғы бригадасы Ғазиз Әбдразақовтікі, Жұмажан Даутов оның көмекшісі болғанды. Жұмажанды Тарлы геология іздеу отрядын басқаруға жұмсалған болатын. Теңгеде алғашқы терең іздеу-барлау Г-1 ұңғыны бастап берген-ді. КГБ қызметкерлері соғыс жылдарында Түркістан майданында болғаны үшін одан әр заттарды сұрап жұмыс жасатқызбады. Жұмажан жергілікті жері Тұшықұдыққа кетіп, ауылда тұрып, мал шаруашылығымен айналысып өмірден өтті. Даутов Жұмажанды аттас геолог Даутов Жарылғасынмен шатастырмау керек. Өзен, Теңге алғашқы бастамасында Жұмажан аты аталғаны тарих үшін жөн болмақ.

Мырзағалиев Өзенде бұрқақ атқаннан кейін Өзеннің жоғарғы газ қабаттарын түбегейлі зерттеді, керекті альб-сеноман су ұңғысын



тұрғызып берді. Өзенде геология түсірім жұмыстары 1959 жылы басталған еді. 1960-1963 жылдары геологиялық бұрғылау-барлау жұмыстары аяқталып, валанжин қабатынан құрылым картасы түзілді.

1963-1965 жылдары бірнеше жүздеген барлау ұңғылары тұрғызылып, сынақтан өткізіп, қорын есептеуге әзірлеу трест бас инженері Мырзағалиевке жүктелді.

1966-1968 жылдары Мырзағалиев Оңтүстік-Маңғыстау мұнай барлау экспедициясын құрып, Теңге газконденсат кен орын, мұнай қорларын есептеп берді.

1968-1984 жылдарда, яғни 16 жыл ішінде Қамекең бұрғылау мекемесінің бас технологі болып, мыңдаған өндіріс ұңғыларын қолынан өткізіп, Өзен кені толықтай игерілді.

Мырзағалиев шешесінің дүниеден озғанын Есенжанов Жетпісбаймен бірге Ялтада жүргенде естіген-ді. Симферополь, Минводы, Астрахан ауа-райы жағдайсыздығынан 7 күн жүріп, Форт-Шевченкоге шешесі жерленуіне әзер жеткен-ді. Атыраудан келген көптеген ағайын, туыстардың қатысуымен шешесін Кетіктің кіре берісіндегі қауымға жерледі. Атыраулық ағайындарды Таушықтағы ежелгі туыстармен табыстырып, өткендерді еске түсіріп елдеріне аттандырды.

Қам-аға шеше қамқорлығын былай сипаттайды: «Қой қоздап жатқанда, наурыз айында, тышқан, 1924 жылы Атырау-Маңғыстау аралында Қамысақты деген жерде, жасы 41-ге қарағанда мені дүниеге келтіріпті. Құрық атамыз қыстан мал-жанымыз аман шықты ғой деп атымды Қамысбай деп қойыпты. Атамыз үйге келіп үш жастағы мені көзінің оты бар, болашағы мол болады депті, осы күнгі дәрежемді ойлағанда ата пікірі орындалған сияқты. Құрық атамыз бала піштірген, ат бегі болған, атакты, дәрежелі, жұртшылыққа мәлім бай болған адам. Екі әйел алмаған, қажылыққа Меккеге бара алмадым деп өкінеді екен. Атамыз 80 жасында дүние салып, Қарабау, Ащысай жерінде жерленген. Атаға Атырау, Маңғыстау жұртшылығына сауын айтып 1927 жылы ас берілген, бұл жай «Құлбарақ батыр» кітабында жазылған.

Айтолыс шешеміз киіз үйде, бір аяғы келтек темір ошақта қайнап жатқан суға кіндіктен төменгі жерім түгелдей күйіп қалғанда, бесіктегі мені қуарған қой құмалағын майға езіп күйікті жазған-ды. Көзге түсіп кеткен түйіршіктерді тілімен шығаратын. Ауырып қалғанымызда бетімізге қазан күйесін жағып, күн батарда жер ұшық беретін, содан тәуір



болатынбыз. Ауыр жағдайда шешеміз Сары молда-балгерге жүгіретін, ауызша айтқан дұғасымен – демімен жазылатынбыз.

Әкеміз Мырзағали алғашқы жекелендіру кезінде 1923-1924 жылдары 5-6 жасар мені енші алған ағамыз Нұрғалидың үйіне апарып тастады. Аштық кезінде, 1931-1932 жылдары бойымды түрлі ауру жайлап, өлім халінде болғанымда Нұрғали ағамыз Нарын құмына апарып, құмаршықпен қоректендіріп аяғыма тұрғызған-ды. Аурудан шыққан 9 жасар мені Жалғансай Махамбет ауданындағы оқытушы жездеміз Құмарғали Есмырзаұлы үйіне апарып оқуға берген-ді. Есмырза әулеттерімен 75 жыл өтсе де барымызша сыйластықтарымыз үзілмей келе жатыр. Гурьевте Жамбыл мектебінде 6 сыныпты бітіріп, 1939 жылы 15 жасымда өз өмір жолыма түскенмін. Шешеміз жайлы толығырақ «Қайран шешем» әңгімесінде келтіргенмін».

Міне, Қамекең өткен өмірі жайлы осылай толғанады.

### **БАРЛАУ ТРЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ, АЛҒАШҚЫ ҚИЫНДЫҚТАР**

Кеңес Одағы Мұнай өндіріс министрлігі 14 наурыз 1957 жылғы бұйрығымен, «Қазақстанмұнай» бірлестігі 8 ақпан 1957 ж. №13 бұйрығымен Форт-Шевченко қаласында Гурьев облысы мемлекеттік «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі құрылды. Бұл бұйрықтардың мәтіні төменгідей еді:

*Приказ*

*Министра нефтяной промышленности СССР*

*№140, 14 марта 1957 года*

*О структурных изменениях в составе предприятий и организаций Главвостокнефтедобычи, Главзападнефтедобычи, Главнефтегазразведки, Главнефтегеофизики, Главнефтедобычи, Главнефтеурса, треста «Союзнефтебурмаширемонт»*

### **Приказываю**

*5. Начальникам Главзападнефтедобычи т. Амияну и объединения «Казахстаннефть» т. Утебаеву организовать в г. Форт-Шевченко на*

самостоятельном балансе в составе треста «Мангышлакнефтегазразведка» объединения «Казахстаннефть»:

Контору разведочного бурения, Геолого-поисковую контору, Авто-транспортную контору, Строительно-монтажную контору.

Письма Министерства финансов СССР №13-560  
от 22 декабря 1956 г. и от 22 февраля 1957 г.

Министр нефтяной промышленности СССР  
М. Евсеенко

Приказ №13

По объединению «Казахстаннефть»

г. Гурьев 8 апреля 1957 г.

Во исполнение приказа Министерства нефтяной промышленности за №140 от 14 марта 1957 года об организации в составе треста «Мангышлакнефтегазразведка» контор на самостоятельном балансе, приказываю:

Организовать в составе объединения «Казахстаннефть» трест «Мангышлакнефтегазразведка» с местом нахождения в городе Форт-Шевченко.

Организовать в составе треста «Мангышлакнефтегазразведка» на самостоятельном балансе:

- а) контору разведочного бурения,
- б) геолого-поисковую контору,
- в) автотранспортную контору,
- г) строительно-монтажную контору.

Начальнику планового отдела треста «МНГР» лимиты по труду и фонду зарплаты с 1 апреля 1957г.

Тресту «Мангышлакнефтегазразведка» (т. Бердыгожину) обеспечить в 1957 году выполнение следующих объемов геолого-разведочных работ:

- а) глубокое разведочное бурение 12 тыс. мт.  
в т.ч. на площади Тюбеджик 12 тыс. мт.
- б) на площади Кызанская 3600 мт.
- в) структурного бурения 20 тыс. мт.
- г) картировочного бурения 25 тыс. мт.